

**2009 жылғы егіннің астығын экспорттау кезінде көліктік шығыстарға арналған шығындардың құнын арзандатуға бюджеттік субсидияларды төлеуге арналған қорытындыны қалыптастыру қағидасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 қарашадағы № 1255 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2009 жылғы егіннің астығын экспорттау кезінде көліктік шығыстарға арналған шығындардың құнын арзандатуға бюджеттік субсидияларды төлеуге арналған қорытындыны қалыптастыру қағидасы бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

2 8

қ а р а ш а д а ғ ы

№                      1 2 5 5

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**2009 жылғы егіннің астығын экспорттау кезінде көліктік шығыстарға арналған шығындардың құнын арзандатуға бюджеттік субсидияларды төлеуге арналған қорытындыны қалыптастыру қағидасы**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы 2009 жылғы егіннің астығын экспорттау кезінде көліктік шығыстарға арналған шығындардың құнын арзандатуға бюджеттік субсидияларды төлеуге арналған қорытындыны қалыптастыру қағидасы (бұдан әрі - Қағида) «Агроөнекәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 11-бабы 2-тармағының 8-4) тармақшасына, «2010 - 2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 6 қазандағы Заңына, «Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес әзірленген және 2009 жылғы егіннің астығын экспорттау кезінде экспорттаушыларға көліктік шығыстардың құнын арзандатуға 2010 жылғы республикалық бюджеттің қаражаты есебінен 024 «2009

астығын экспорттағанда көлік шығындарының құнын арзандату» бюджеттік бағдарламасы бойынша бөлінген ақша қаражатын (бұдан әрі - бюджеттік субсидиялар) төлеуге арналған қорытындыны қалыптастыру тәртібін а н ы қ т а й д ы .

2. Бюджеттік субсидияларды төлеуге арналған қорытындыны қалыптастыруды жүзеге асыратын бюджеттік бағдарламаның әкімшісі (бұдан әрі - бюджеттік бағдарламаның әкімшісі) - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі.

3. Бірыңғай оператор - ұлттық темір жол компаниясы белгілеген астықты экспортқа тасымалдауды ұйымдастыру бойынша экспорттаушыларға қызмет көрсететін заңды т ұ л ғ а .

4. Экспорттаушы - Қазақстан Республикасының аумағынан астықты экспортқа сатуды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

5. Бюджеттік субсидияларды төлеуге арналған қорытындыны қалыптастыру экспорттаушылардың шығындарды жүзеге асыруын растайтын құжаттардың негізінде және Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның шешімімен анықталған астық экспортының бағыттарын және көліктік шығыстарды арзандату көлемін ескере отырып, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жүзеге асырады.

6. Экспорттаушылар бюджеттік субсидияларды соңғы алушылар болып табылады.

## **2. Бюджеттік субсидияларды төлеуге арналған қорытындыны қалыптастыру тәртібі**

7. Бірыңғай оператор экспорттаушыларға көліктік экспедиция шартының негізінде көліктік экспедиция қызметтерін көрсету арқылы астықты экспортқа тасымалдауды ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

8. Астықты шекаралық өту станциясына және/немесе межелі станцияға (айлаққа) дейін тасымалдағаннан кейін экспорттаушы Бірыңғай операторға экспорттаушының қолымен және мөрімен куәландырылған шекаралық өту станциясының және/немесе межелі станцияның (айлақтың) күнтізбелік мөртабаны бар темір жол жүкқұжаттарының көшірмесін береді.

9. Бірыңғай оператор осы Қағиданың 8-тармағына сәйкес экспорттаушылардың құжаттарды беру фактісі бойынша осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша астықты экспортқа тасымалдау жөнінде көрсетілген қызметтердің актілерін ( б ұ д а н ә р і - А к т і л е р ) ж а с а й д ы .

10. Бірыңғай оператор Актілердің негізінде осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша темір жол көлігімен астықты экспортқа тасымалдау жөнінде көрсетілген қызметтердің тізілімін қалыптастырады және Актілерді қосып, оны

бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне береді.

11. Бірыңғай оператор бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне шот-фактураны ұсынады және осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ақша қаражатын аударуға өтінім береді.

12. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі осы Қағиданың 10 және 11-тармақтарында көрсетілген Бірыңғай оператор берген құжаттарды тексереді, осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бюджеттік субсидияларды төлеуге арналған қорытындыны қалыптастырады.

13. Бірыңғай оператор Бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне Бірыңғай оператордың бастығы мен экспорттаушының қолы қойылған осы Қағиданың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша астықты экспортқа тасымалдау кезінде шығындар құнының бір бөлігін өтеуді экспорттаушының растау актілерін береді.

14. Бірыңғай оператор бюджеттік субсидияларды алу үшін бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне берілген құжаттардың дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Қ а ғ и д а ғ а

1-қосымша

---

### экспорттың бағыты

### астықты экспортқа тасымалдау бойынша 20 ж.« » № көрсетілген қызметтер актісі

Р/с №	Жөнелту №	Вагон №	Жөнелту станциясы	Кіретін станциясы	Шығатын станциясы	Жеткізу ( шекарадан өту ) станциясы ( айлақ)	Жөнелту датасы ( тасымалдау құжаттарындағы бекет мөртабаны)	Тасымалдау көлемі, тонна	Өтеу құны, тенге
1									
2									
3									
4									
5									
6									
7									
	жиыны								

Экспорттаушының атауы

Бірыңғай оператордың атауы

(басшының қолы, Т.А.Ә.)

(басшының қолы, Т.А.Ә.)

Қ а ғ и д а ғ а

2-қосымша

---

**экспорттың бағыты****темір жол көлігімен астықты экспортқа тасымалдау бойынша көрсетілген қызметтердің тізілімі**

Р/с №	Экспорттаушының атауы	Тиіп жөнелту кезеңі (айлар бойынша)	Тасымалдау көлемі, тонна	1 тоннаға өтеу құны, теңге	Жалпы өтеу коды, теңге
1					
2					
3					
4					
5					
6					
7					
8					

Бірыңғай оператордың атауы \_\_\_\_\_  
(басшының қолы, Т.А.Ә.)

Қ а ғ и д а ғ а  
3-қосымша

---

**экспорттың бағыты****астықты экспорттау кезінде көліктік шығыстарға арналған шығындардың құнын өтеуге өтінім**

Күні 20\_ жылғы \_\_\_\_\_

Осымен Бірыңғай оператор Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінен 2009 жылға егіннің астығын экспорттау кезінде көліктік шығыстарға арналған шығындардың құнын өтеу туралы 20\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ шартқа сәйкес республикалық бюджеттен \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) теңге сомасындағы қаражатты субсидия алушының цифрмен және жазумен

\_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ есеп шотына аударуды сұрайды.  
банктің атауы \_\_\_\_\_

---

Бірыңғай оператордың атауы (бірінші басшының қолы және Т.А.Ә.)

М.О.

Өтінімге оның ажырамас бөлігі ретінде мыналар қоса беріледі: заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі; нөмірі көрсетілген банк шотының бар болуы туралы банктің анықтамасы.



2										
3										
4										
5										
6										
7										
	жиыны									

Экспорттаушының атауы

Бірыңғай оператордың атауы

\_\_\_\_\_

(басшының қолы, Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_

(басшының қолы, Т.А.Ә.)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК